



ӨНІР ДАМУЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2027-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы және «2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасы, сондай-ақ жылыту маусымына дайындық барысы қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланды. Аймақ басшысы 7 айдың қорытындысымен облыстың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері өскенін, барлық салада оң динамика қалыптасқанын атап өтті.

«Дегенмен, тау-кен өнеркәсібінің 80 пайызға жуық үлесін құрайтын шикі мұнай өндіру жыл сайын төмендеуде. Өнеркәсіп саласындағы көрсеткіштерді орындаудың қосымша тетіктерін қарастыруымыз қажет. Бұл ретте жауапты басқарма қала, аудан әкімдіктерімен, жергілікті кәсіпкерлермен кездесіп, тиісті шара қабылданырлар. Құрылыс саласы бойынша Үкімет жеті айға бекіткен жоспар артығымен орындалды. Биыл мемлекеттік бюджеттен 106,5 млрд. теңге бөлініп, 140 жобаның құрылысы жүргізілуде. Бюджет есебінен және бюджеттен тыс салынып жатқан нысандардың айлық, тоқсандық, жылдық есебін толық ұсынулы тапсырамын. Бұдан бөлек, көлік және қоймалау көрсеткіші 16,4 пайызға артты. Үкімет бұл салаға



107 пайыз деңгейіндегі меже қойды. Жауапты басқарма көрсеткіштердің толық орындалуын қамтамасыз етуі қажет.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму болжамы негізінде 2027-2029 жылдарға арналған өңірдің даму

болжамын бекітуіміз керек. Облыстық басқармалар, қала, аудан әкімдіктері, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына арналған жоспарды 1 қазанға дейін әзірлеп, бекітуге ұсыныңыздар.

Жобалар тұрғындардың өмір сүру сапасын

жақсартуға, әлеуметтік-экономикалық әлеуетті арттыруға бағытталуы тиіс», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Биыл аймақтағы жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 5 млрд 500 млн теңге бөлінді. Бұл қаржыға 8,7 шақырым

жылу желісі жаңғыртылып, №1 және 2 газтурбиналық қондырғыға күрделі жөндеу, 1,3 шақырым жылу желісі мен 1 қазандық, 1 турбина және 10 автономдық қазандыққа, негізгі және қосалқы қондырғыларға жөндеу жүргізілуде. Ал 7 млрд. 600 млн теңге 460 шақырым электр желілері мен 134 қосалқы станцияны жөндеуге бағытталды. Облыстағы 1 074 әлеуметтік нысанның дайындығы 98 пайыз.

«Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, жұмыспен қамту басқармаларына қарасты ғимараттар жылу беру маусымына толық дайын болуы тиіс. Тұрғындарды көмірмен қамтамасыз ету мәселесі де өзекті. Қажетті көмірдің көлемі 80 мың тонна, тұрғындар үшін 68 мың тонна, ал әлеуметтік нысандар үшін 12 мың тонна керек. Жауапты басқарма, қала және аудан әкімдіктері, көмір қорын белгіленген мерзімде толық жасақтауды тапсырамын», – деді аймақ басшысы.

Мәжілісте оқушылардың жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де талқыланды. Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Ермахан Адрамановтың айтуынша, облыстағы 962 білім беру ұйымы жол желісіне жақын орналасқан. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының маңына заманауи талаптарға сай жол белгілері мен жол таңбаларын орнату ұсынылды. Сонымен қатар жаңа оқу жылының басталуына байланысты көлік ағынының артуы ескеріліп, қала орталығындағы көшелерге қосымша жол қозғалысын реттейтін құрылғылар қою жоспарланып отыр.

«Ел тілегі» ақпарат



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

657 СӘБИ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Құрылтай депутаттарын сайлау күні Қазақстанның медициналық ұйымдарында 657 сәби дүниеге келді. Оның ішінде 318 ұл және 339 қыз бала бар. Бұл туралы Денсаулық министрлігі мәлімдеді.

Министрліктің мәліметінше, жаңа туған нәрестелердің ең көбі Алматы қаласында – 60, Түркістан облысында – 54, Шымкент қаласында – 51 бала

тіркелді. Ел бойынша бір егіздер жұбы дүниеге келді.

Ана мен бала денсаулығын сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, тәулік бойы жүкті әйелдерді бақылап, қауіпсіз босандыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ ана мен жаңа туған нәрестелерге қажетті медициналық көмек көрсетіледі.



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ОҚУШЫЛАР ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Қызылорда қаласындағы №290 Келешек мектебінің OtAI командасы Қытай Халық Республикасының Бейжін қаласында өткен FIRST LEGO League Asia Open Championship 2026 халықаралық чемпионатында Coding Award номинациясының жеңімпазы атанды.

13–16 тамыз аралығында ұйымдастырылған беделді додаға әлемнің 25 елінен 350-ден астам команда қатысып, робототехника, инженерия, бағдарламалау және командалық жұмыс бойынша бақ сынады.

Бұл – Қызылорда облысы оқушыларының халықаралық деңгейдегі екінші жыл қатарынан қол жеткізген жетістігі. 2025 жылы Макаода өткен аталған чемпионатта OtAI командасы Challenge Solution Award арнайы жүлдесіне ие болған еді.

Халықаралық деңгейдегі бұл жетістік – өңірдегі білім беру жүйесінде STEM бағытындағы жұмыстардың, инженерлік және цифрлық құзыреттерді дамытуға бағытталған жүйелі еңбектің нәтижесі.

ЖАҢА СПОРТ АЛАҢЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Облыстық білім басқармасының қолдауымен Жаңақорған ауданы Өзгент ауылындағы №224 орта мектептің ауласына заманауи спорт алаңы салынып, бүгін пайдалануға берілді.

Нысанның ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Нариман Жахудаев, аудандық білім бөлімінің басшысы Жанболат Ахметжанов, ауылдың зиялы қауым өкілдері, ұстаздар мен оқушылар қатысты.

Жаңа спорт алаңының ашылуы – ауыл оқушылары үшін қуанышты жаңалық. Мұнда жасөспірімдердің спортпен тұрақты айналысуына, салауатты өмір салтын қалыптастырып, бос уақытын тиімді өткізуіне барлық жағдай жасалған.

Ашылу салтанатына орай оқушылар арасында волейболдан аудандық жарыс ұйымдастырылып, жас спортшылар өзара бақ сынады. Айта кетейік, мұндай заманауи спорт алаңдары Жаңақорған ауданындағы №169, №51, №125, №213, №209, №184 және №194 мектептердің аулаларына да салынуда. Жаңа спорт нысандары оқушылардың бұқаралық спортпен тұрақты айналысуына және бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.



90 ПӘТЕРДІҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың қатысуымен сол жағалаудағы екі көпқабатты тұрғын үйдің 90 пәтері әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасыларға табысталды. Аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

«Баршанызға көптен күткен жаңа қоныс құтты болсын! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қолжетімді баспана – арман емес, біздің азаматтарымыздың алдындағы міндетіміз», - деген болатын. Бұл бағытта Сыр өңірінде байыпты бастамалар сәтті жүзеге асуда. Тұрғындардың әл-ауқатын арттыру үшін жайлы баспанамен, әлеуметтік нысандармен қамту жүйелі жолға қойылған. Бүгін кезекте тұрған жерлестерімізге аумағы 7 мың шаршы метрден асатын 90 пәтердің кілтін салтанатты түрде табыстаудамыз. Алдағы уақытта да шаһардың ажарын айшықтайтын заманауи үлгідегі тұрғын үйлер бой көтереді.

Жаңа қоныс құтты, шаңырақтарыңыз биік, босағасы берік болсын, іші береке мен мерекеге толсын! Әр отаудан бүлдіршіндердің күлкісі естіліп, татулық салтанат құра берсін!», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен соңғы төрт жылда тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер беріліп, 30 мыңнан астам жерлесіміз баспаналы болды. 2026-2027 жылдары 6200-ден астам пәтер табыстатын, 25 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешу жоспарлануда.

Бүгінде сол жағалауда бой көтерген 169 нысанның 136-сы - көпқабатты тұрғын үй. Жаңа шағын аудан тұрғындарының саны 25 мыңнан асты. Халыққа жайлы орта қалыптастыру мақсатында 20 әлеуметтік, 13 ірі бизнес нысаны бой түзеп, ел игілігіне қызмет етуде.

Қазіргі уақытта тағы 48 ғимарат салынып жатыр. Сондай-ақ И.Токтыбаев көшесінен сол жағалауға өтетін төрт жолақты жаңа көпір құрылысы жоспарланған.

ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ЖАҒАРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕ

Төретам кентінде тұрғындарға қолайлы жағдай қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жалғасып келеді. Осыған орай аудан әкімі Жандос Еркінбек жұмыс сапарымен Төретам кентіне барып, күрделі жөндеуден өткізіліп отырған теміржол вокзалының және аумақты абаттандыру жұмыстарының барысын бақылады.

1965 жылы салынған теміржол вокзалы ғимаратының жалпы көлемі 597,6 шаршы метрді, жолаушы қабылдау мүмкіндігі 250 адамды құрайды. Бүгінде вокзал ғимаратының ішкі бөлігіндегі негізгі жұмыстар толық аяқталған. Вокзал аумағын абаттандыру жұмыстары да қатар жүргізілуде. Бұл мақсатқа аудандық бюджеттен қаржы қарастырылып, бекітілген мердігер мекемемен тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жұмыс сапары барысында аудан әкімі атқарылған жұмыстардың сапасына назар аударды.

«Бұл нысан - ауданымыздың маңызды нысандарының бірі. Сондықтан ғимараттың ішкі және сыртқы бөлігіндегі жұмыстар сапалы орындалып, айналасы заман талабына сай абаттандырылуы қажет. Жұмыстың сапасы мен мерзімі басты назарда болуы тиіс», - деп бірқатар тапсырмасын жүктеді.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Жаңа оқу жылы - мыңдаған баланың білімге, жаңа ортаға және жаңа мүмкіндіктерге қадам басатын маңызды кезең. Қазіргі таңда Қызылорда облысында 302 мемлекеттік мектепте 190 мыңнан астам оқушы білім алса, олардың 17 700-ге жуығы мектеп табалдырығын алғаш рет аттайды. Осыған байланысты балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғалары мен құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстарға ерекше басымдық берілуде. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысының Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Ердаулет Жаукесев баяндады.



- Білім күніне орай облыста арнайы іс-шаралар жоспары әзірленді. Қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге 522 полиция қызметкері мен 107 қызметтік автокөлік жұмылдырылады. Олар білім беру ұйымдарында және оған іргелес аумақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, таңғы жиындар барысында оқушыларға, ата-аналар мен ұстаздарға қажетті түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Сонымен қатар, қала және аудан орталықтарындағы қоғамдық орындарда, көшелерде, саябақтарда, скверлер мен орталық алаңдарда тәулік бойы қосымша полиция жасақтары қызмет атқарады.

Жаңа оқу жылы басталғаннан бастап мектеп алдындағы жаяу жүргіншілер өткелдерінде танерген, түскі және кешкі уақытта ювеналды және патрульдік полиция инспекторлары кезекшілік етеді.

Балалардың жол қауіпсіздігіне ерекше назар аударылуда. 15 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында республика көлемінде жағдайы тексеріліп, жол инфрақұрылымын қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіру, абаттандыру және білім беру ұйымдарындағы бейнебақылау жүйелерін Жедел басқару орталығына сапалы қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Одан бөлек, жыл басынан бері көмекке толмағандар мен жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған «Жас-өспірім», «Көктемгі демалыс», «Балалар түнгі қалада», «Құқықтық тәртіп» сияқты жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылды, - деді Ердаулет Баянбайұлы.

Сандық технологиялар қарқынды дамып, күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Бүгінде банк қызметін пайдалану, коммуналдық төлемдерді төлеу, мемлекеттік қызметтерді алу, тауарға тапсырыс беру, жақындарымызбен байланысу, білім алу және жұмыс істеу секілді көптеген үлеріс интернет арқылы жүзеге асады. Цифрлық мүмкіндіктер уақытты үнемдеп, қажетті қызметтерді қолжетімді еткенімен, оның көлеңкелі тұстары да бар. Соның бірі – интернет алаяқтығының кең таралуы.

Қазіргі таңда интернет алаяқтары азаматтардың сеніміне кіріп, жеке деректері мен қаражатын иемденудің түрлі тәсілдерін қолданады. Бір ғана телефон қоңырауы, әлеуметтік желідегі хабарлама немесе күмәнді сілтеменің өзі үлкен қауіпке айналуды мүмкін. Сондықтан киберқауіпсіздік пен интернет алаяқтығының алдын алу – құқық қорғау органдарының ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Алаяқтардың айналасы қалай өзгерді?

Соңғы жылдары интернет алаяқтарының әрекет ету тәсілдері де күрделене түсті. Бұрын олар негізінен жалған хабарламалар мен күмәнді сайттарды пайдаланса, бүгінде адамның психологиясына әсер ететін түрлі әдістерді кәсіби деңгейде қолданады. Алаяқтар өздерін банк қызметкері, полиция өкілі, байланыс операторы немесе мемлекеттік органның маманы ретінде таныстырып, азаматтарды қорқытуға, асықтыруға және ойланбастан шешім қабылдауға тырысады. Мысалы, «сіздің атыңызға несие рәсімделіп жатыр», «қартаныздан күмәнді операция анықталды», «шотыңызға қауіп төніп тұр», «ақшаңызды қауіпсіз шотқа аудару қажет» деген мазмұндағы хабарламалар арқылы адамның үрейін туғызады. Осылайша жәбірленушіге ойлануға мүмкіндік бермей, құпия ақпаратты өз еркімен айтысуға немесе қаржысын басқа шотқа аударуға әрекет жасайды.

Ең өкініштісі, интернет алаяқтарының құрбаны тек егде жастағы адамдар ғана емес. Цифрлық технологияларды жақсы меңгерген жастар мен тәжірибелі интернет қолданушылар да қылмыскерлердің арбауына түсіп



ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

жатады. Себебі мұнда мәселе тек цифрлық сауаттылыққа емес, күтпеген жағдайда адамның эмоцияға беріліп, асығыс шешім қабылдауында.

Қызылордада профилактикалық жұмыстар жүргізілуде

Интернет алаяқтығының алдын алу мақсатында Қызылорда қаласы Полиция басқармасы криминалдық полиция бөлімінің қызметкерлері тарапынан жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Осы бағытта Қызылорда қаласындағы №3 мектеп-лицейінің мұғалімдерімен кездесу ұйымдастырылып, интернет алаяқтығының кең таралған түрлері, қылмыскерлер қолданатын әдістер және одан қорғану жолдары түсіндірілді.

Кездесу барысында мамандар фишингтік сілтемелердің қауіптілігіне, жалған сайттар арқылы жеке мәліметтерді иемдену әрекеттеріне, сондай-ақ өзін банк немесе мемлекеттік орган қызметкері ретінде таныстырып, құпия ақпаратты алуға тырысатын алаяқтардың әрекетіне кеңінен тоқталды. Сонымен қатар әлеуметтік желілер мен түрлі мессенджерлер арқылы жасалатын алаяқтық фактілерінің алдын алу, күмәнді хабарламаларды ажырату, жеке деректерді қорғау және қаржылық қауіпсіздікті сақтау бойынша

нақты кеңестер берілді.

«Қауіпсіз шот» деген болмайды

Мамандардың айтуынша, алаяқтардың басты мақсаты – азаматтың сеніміне кіру. Олар адамға ойлануға уақыт бермей, «қазір әрекет етпесеңіз, ақшаныңыздан айырыласыз» деп асықтырады. Азаматтар көбіне «қауіпсіз шот», «банк қауіпсіздік қызметі», «құпия операция» деген сөздерге сеніп қалады. Алайда кез келген күмәнді қоңырау кезінде сабыр сақтап, ақпаратты тек ресми байланыс арналары арқылы тексеру қажет. Есте сақтайтын ең маңызды қағида – SMS арқылы келген кодты, банк картасының деректерін және басқа да құпия мәліметтерді бөгіе адамға айтуға болмайды.

«Бір ғана қоңырауға сеніп қалдым...»

Интернет алаяқтығының құрбаны болған тұрғындардың бірі – Айгерім Қалыбекова. Оның айтуынша, алаяқтар өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, азаматшаның атына несие рәсімделіп жатқанын айтып, жалған қауіп тудыраған.

– Маған өзін банк қызметкері ретінде таныстырған адам хабарласты. «Сіздің атыңызға несие рәсімделіп жатыр, оны тоқтату үшін біз айтқан әрекеттерді орындаңыз» деді. Сол сәтте абдырап қалдым. Айтқандарын орындап, келген SMS-кодты айтып қойдым. Арада

бірнеше минут өткенде шотымнан ақша шешілгенін көрдім. Кейін банкке және полицияға жүгіндім. Қазір ойласам, бір ғана қоңырауға сеніп қалғаным өкінемін. Енді айналадағы адамдарға да бейтаныс адамдарға ешқашан код айтпау керектігін ескертіп жүремін, – дейді ол.

Бұл жағдай интернет алаяқтарының адам психологиясын қалай пайдаланатынын көрсетеді. Қылмыскерлер қорқыту, асықтыру және жалған сенім қалыптастыру арқылы азаматты ойлансыз етіп, үлгермей шешім қабылдауға итермелейді.

Қарапайым сақтық – үлкен қауіптің алдын алады

Интернет алаяқтығынан қорғану үшін күрделі техникалық білім қажет емес. Ең бастысы – сақтық пен қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтау. Біріншіден, бейтаныс адамдарға жеке мәліметтерді бермеу қажет. Екіншіден, SMS арқылы келген кодтарды ешкімге айтуға керек. Үшіншіден, күмәнді сілтемелерге өтпей, белгісіз қосымшаларды жүктемеу маңызды. Төртіншіден, банк картасының нөмірі, жарамдылық мерзімі, CVV коды және интернет-банкінгтегі пароль сияқты құпия ақпараттарды бөгіе адамға жариялауға болмайды. Әлеуметтік желілерде де сақтық қажет. Жеке өмірге қатысты мәліметтерді шамадан тыс жариялау алаяқтарға қосымша ақпарат беруді мүмкін. Сондықтан әлеуметтік желілердегі құпиялық баптауларын тексеріп, ақсұңнаттарды екі факторлы қорғау арқылы қауіпсіздікті күшейткен жөн. Егер алаяқтықтың құрбаны болғаныңызды байқасаңыз, уақыт жоғалтпай банкке хабарласып, тиісті шараларды қабылдау қажет. Сонымен қатар құқық қорғау органдарына жүгініп, болған жағдай туралы толық ақпарат берген дұрыс.

Бүгінде киберқауіпсіздік – тек ақпараттық технология мамандарының міндеті емес. Ол – интернетті пайдаланатын әрбір адамның жеке жауапкершілігі. Бейтаныс қоңырауға бірден сенбеу, SMS-кодты ешкімге айтуға, күмәнді сілтемеге өтпеу, банк деректерін жарияламау және ақпаратты ресми дереккөздер арқылы тексеру – алаяқтықтан қорғанудың қарапайым әрі тиімді жолдары.

Ең бастысы, қауіптің алдын алу – келтірілген шығынның орнын толтыруға тырысқаннан әлдеқайда оңай. Сондықтан цифрлық дәуірде сақтық – қауіпсіздіктің басты кепілі

